

Мемлекеттік техникалық инспектордың қызметтік куәлігінің, нөмірлік мөртабаның және пломбидің үлгісін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 13 ақпандағы № 92 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 16 наурызда № 10440 тіркелді.

"Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 44) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органдың мемлекеттік техникалық инспекторлары үшін:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік техникалық инспектордың қызметтік куәлігінің үлгісі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік техникалық инспектордың нөмірлі мөртабанының үлгісі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік техникалық инспектордың пломбир үлгісі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін оны күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында жариялануын;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 13 акпандары
№ 92 бүйрекінен
1-қосымша

Мемлекеттік техникалық инспектордың қызметтік куәлігінің үлгісі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.07.2019 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.



| | | | |
|--|--|---|---|
| ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ АТОМДЫҚ ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ МЕН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІНІҢ АУМАҒЫ БОЙЫНША ОРГАН АТАУЫ | | МИНИСТЕРСТВО ЭНЕРГЕТИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НАИМЕНОВАНИЕ ОРГАНА ПО ТЕРРИТОРИАЛЬНОСТИ КОМИТЕТА АТОМНОГО И ЭНЕРГЕТИЧЕСКОГО НАДЗОРА И КОНТРОЛЯ | |
| № 00-00 КУӘЛІК | | УДОСТОВЕРЕНИЕ № 00-00 | |
| | Т. А. Ә. Мемлекеттік техникалық инспекторы лауазымы | | Ф. И. О. Государственный технический инспектор должность |
| АЭКБК ҚАЗАҚСТАН | | | |
| бастап _____ дейін жарамды Удостоверение действительно с _____ до | Колы _____ Подпись _____ | Комитет тегефасы Председатель Комитета | |

Ескертпе.

1. Мемлекеттік техникалық инспектордың қызметтік куәлігінің (бұдан әрі - қызметтік куәлік) мұқабасы Мемлекеттік техникалық инспектордың қызметтік

куәлігінің үлгісіне сәйкес нысан бойынша көк түсті. Қызметтік қуәліктің ашылған күйіндегі көлемі тігінен 65 миллиметр және көлденеңінен 190 миллиметр.

2. Қызметтік қуәліктің бет жағында баспа қарпімен мемлекеттік және орыс тілдерінде: "ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ЭНЕРГЕТИКИ" деген жазу жазылған және қызметтік қуәліктің ортасында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарына сәйкес орындалған, "QAZAQSTAN" деген жазуы бар алтын түсті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы орналастырылған.

3. Қызметтік қуәліктің ішкі сол және оң бөліктері Мемлекеттік техникалық инспектордың қызметтік қуәлігінің белгіленген үлгісінде ақ түсте орындалған.

4. Қызметтік қуәліктің ішкі сол бөлігінде:

жоғарғы бөлігінде қара түсте орындалған мемлекеттік тілде: "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ АТОМДЫҚ ЖЭНЕ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ МЕН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТИНІҢ АУМАҒЫ БОЙЫНША ОРГАН АТАУЫ" деген жазу бар;

сол бөлігінде ортасында қара түспен мемлекеттік тілде "№ 00-00 КУӘЛІК" деген жазу орналастырылған, оның астында қара түспен мемлекеттік тілде мемлекеттік техникалық инспектордың (бұдан әрі - инспектор) аты, әкесінің аты, тегі (бар болған жағдайда) және атқаратын лауазымы көрсетіледі. Қызметтік қуәліктің нөмірі қара түспен басылады;

сол бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарына сәйкес орындалған, астында көк түсте мемлекеттік тілде "АӘҚБК Қазақстан" деген жазу орналастырылған, "QAZAQSTAN" деген жазуы бар алтын түсті Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленген;

төмөнгі бөлігінде қызметтік қуәліктің қолдану мерзімі мемлекеттік және орыс тілдерінде көрсетіледі.

5. Қызметтік қуәліктің ішкі оң бөлігінде:

жоғарғы бөлігінде қара түсте орындалған орыс тілінде "МИНИСТЕРСТВО ЭНЕРГЕТИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НАИМЕНОВАНИЕ ОРГАНА ПО ТЕРРИТОРИАЛЬНОСТИ КОМИТЕТА АТОМНОГО И ЭНЕРГЕТИЧЕСКОГО НАДЗОРА И КОНТРОЛЯ" деген жазу бар;

сол бұрышында 3x4 сантиметр көлемінде инспектордың түрлі-түсті фотосуреті (анфас) орналастырылады. Инспектор ақ түсті реңде іскерлік стильдегі киіммен бас киімсіз түседі;

оң бөлігінде ортасында қара түсте орындалған орыс тілінде "УДОСТОВЕРЕНИЕ № 00-00" деген жазу орналастырылған, оның астында орыс тілінде инспектордың аты, әкесінің аты, тегі және атқаратын лауазымы көрсетіледі. Қызметтік қуәліктің нөмірі қара түспен басылады;

қызметтік қуәліктің оң бөлігінде қара түсте орындалған мемлекеттік және орыс тілдерінде "Комитет төрағасы Председатель Комитета" деген жазу орналастырылады.

6. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің (бұдан әрі - Комитет) орталық аппараты және аумақтық бөлімшелері инспекторларының қызметтік күелігі Комитет төрағасының қолымен бекітіледі және Комитеттің елтаңбалық мөрімен басылады.

7. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2015 жылғы 2 ақпандығы № 57 бүйрығымен бекітілген Мемлекеттік техникалық инспекторға қызметтік күелік, нөмірлік мөртабан және пломбир беру қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік техникалық инспекторлардың қызметтік күеліктерін, нөмірлі мөртабандарын және пломбирлерін беру және алып қоюдың электрондық журналының нысанына сәйкес инспекторға қызметтік күелікті беру кезінде күелік нөмірі ұсынылған шифрлар ескеріле отырып қалыптастырылады, атап айтқанда, № 00-00, мұндағы алғашқы екі сан 00 - Комитеттің орталық аппараты немесе аумақтық бөлімшесінің шифрі, одан кейінгі екі сан 00 - инспектордың қызметтік күелігінің нөмірі.

Комитеттің орталық аппарат және аумақтық бөлімшелер инспекторларының шифрлары:

- 01 - орталық аппарат;
- 02 - Комитеттің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша аумақтық департаменті;
- 03 - Комитеттің Алматы қаласы бойынша аумақтық департаменті;
- 04 - Комитеттің Шымкент қаласы бойынша аумақтық департаменті;
- 05 - Комитеттің Ақмола облысы бойынша аумақтық департаменті;
- 06 - Комитеттің Ақтөбе облысы бойынша аумақтық департаменті;
- 07 - Комитеттің Алматы облысы бойынша аumaқтық департаменті;
- 08 - Комитеттің Атырау облысы бойынша аumaқтық департаменті;
- 09 - Комитеттің Шығыс Қазақстан облысы бойынша аumaқтық департаменті;
- 10 - Комитеттің Жамбыл облысы бойынша аumaқтық департаменті;
- 11 - Комитеттің Батыс Қазақстан облысы бойынша аumaқтық департаменті;
- 12 - Комитеттің Караганды облысы бойынша аumaқтық департаменті;
- 13 - Комитеттің Қостанай облысы бойынша аumaқтық департаменті;
- 14 - Комитеттің Қызылорда облысы бойынша аumaқтық департаменті;
- 15 - Комитеттің Маңғыстау облысы бойынша аumaқтық департаменті;
- 16 - Комитеттің Павлодар облысы бойынша аumaқтық департаменті;
- 17 - Комитеттің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аumaқтық департаменті;
- 18 - Комитеттің Түркістан облысы бойынша аumaқтық департаменті.

Қызметтік күелікте инспектордың лауазымы Комитеттің немесе оның аумақтық бөлімшелерінің құрылымына сәйкес көрсетіледі.

Мемлекеттік техникалық инспектордың нөмірлі мөртабанының үлгісі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.07.2019 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



Ескертпе.

1. Инспектордың мөртабаны қол құралы ретінде, қағаз жеткізгіште бояғышты көшіру түрінде оқиғаны тіркеу функциясын орындау үшін инспектордың - мөртабан иесінің қолын растау ретінде қолданылады.


2. Инспектордың мөртабаны түрлі материалдарға бедер түрінде оқиғаны тіркеу функциясын орындау үшін есіктерді, сейфтерді, металл шкафттарды, банк қоймаларын, сонымен қатар басқа да сыйымдылықтарды, шкафттарды. пластилинде (мастикада), сүргіште немесе басқа да (пломбираторға қарағанда) жұмсақтау материалдарда бедерді қою жолымен мөрлеп тастауға арналған.

Осы Қосымшаның 1 және 2-тармақтарында көрсетілген мөртабандардың түрлері үшін түрлі материалдарға бедер немесе бояғышты көшіруді қолдану түрлеріне қарамастан мынадай талаптар белгіленеді.

Инспектор мөртабандарының конструкциясы біреуін екіншіге бұрау (бұранда бойынша) жолымен екі бөлшектелінетін бөліктен тұратын конструкцияны білдіреді. Әр бөлік бос әр түрлі терендігі бар металл (пластмасса) сыйымдылықтан тұрады (стакан түрдегі).

Мөртабан инспектордың жеке мөртабаны болып табылады, төменде көрсетілген шығынқылығы сыртқы цилиндрлік жиегінің шетінен (аз) сыйымдылығынан 2,5 миллиметрден кем емес батырып бедерлеу нөмірлі мөртабаны бар силиконды (пластмассалық) ендірме.

Мөртабанның алынбалы қақпағын бояғышпен (мастикамен) нөмірлі мөртабанды батырып бедерлеу үшін мөрқалыптық тығырығы орнатылады.



1-сурет. Инспектордың мөртабан үлгісінің нысаны.

Инспектордың нөмірлі мөртабаны дөңгелек нысанда болады, диаметрі 40 миллиметр.

Дөңгелек сұлбасының ішкі жағында мөртабан шетінің бойымен (шенбер бойымен) ААА әрпімен Комитеттің орталық аппаратының немесе аумақтық бөлімшелерінің аббревиатуrases осы Қосымшаның 1-кестесіне сәйкес көрсетіледі.

Үлгі үшін (ААА):

"ҚР ЭМ АЭҚБК орталық аппараты Центральный аппарат КАЭНК МЭ РК"

Ішкі дөңгелек (шенбер) бойымен аббревиатура мен мөртабанның ортасында орналасатын нөмірдің арасында БББ инспектордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіліп, толық жазылады.

Үлгі үшін (БББ):

"Тегі (Фамилия), Есімі (Имя), Әкесінің аты (Отчество) (бар болған жағдайда)"

"Тегі (Фамилия), Есімі (Имя), Әкесінің аты (Отчество) (бар болған жағдайда)"

Мөртабанның ортасында инспектордың қызметтік қуәлігінің реттік нөмірі көрсетіледі.

1-кесте. Комитеттің орталық аппаратының немесе аумақтық бөлімшелерінің аббревиатуrasesы


| | |
|--|---|
| Комитеттің орталық аппаратының немесе аумақтық бөлімшесінің аббревиатуrasesы | Комитеттің орталық аппаратының немесе аумақтық бөлімшесінің толық атауы |
| Орталық аппарат | Комитеттің орталық аппараты |
| Нұр-Сұлтан қаласы бойынша АБ | Комитеттің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша аумақтық департаменті |
| Алматы қаласы бойынша АБ | Комитеттің Алматы қаласы бойынша аумақтық департаменті |
| Шымкент қаласы бойынша АБ | Комитеттің Шымкент қаласы бойынша аумақтық департаменті |
| Ақмола облысы бойынша АБ | Комитеттің Ақмола облысы бойынша аумақтық департаменті |
| Ақтөбе облысы бойынша АБ | Комитеттің Ақтөбе облысы бойынша аумақтық департаменті |
| Алматы облысы бойынша АБ | Комитеттің Алматы облысы бойынша аумақтық департаменті |
| Атырау облысы бойынша АБ | Комитеттің Атырау облысы бойынша аумақтық департаменті |
| Шығыс Қазақстан облысы бойынша АБ | Комитеттің Шығыс Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаменті |
| Жамбыл облысы бойынша аумақтық АБ | Комитеттің Жамбыл облысы бойынша аумақтық департаменті |
| Батыс Қазақстан облысы бойынша АБ | Комитеттің Батыс Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаменті |
| Карағанды облысы бойынша АБ | Комитеттің Қарағанды облысы бойынша аумақтық департаменті |
| Қостанай облысы бойынша АБ | Комитеттің Қостанай облысы бойынша аумақтық департаменті |
| Қызылорда облысы бойынша АБ | Комитеттің Қызылорда облысы бойынша аумақтық департаменті |
| Маңғыстау облысы бойынша АБ | Комитеттің Маңғыстау облысы бойынша аумақтық департаменті |
| Павлодар облысы бойынша АБ | Комитеттің Павлодар облысы бойынша аумақтық департаменті |
| Солтүстік Қазақстан облысы бойынша АБ | Комитеттің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаменті |
| Түркістан облысы бойынша АБ | Комитеттің Түркістан облысы бойынша аумақтық департаменті |

Ескертпе: Комитеттің аббревиатуrasesын қосумен - ҚР ЭМ АӘҚБК

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 13 ақпандығы
№ 92 бұйрығына
3-қосымша

Мемлекеттік техникалық инспектордың пломбир үлгісі

1-сурет



2-сурет



Ескертпе.

Инспектордың пломбиратордың пломбирленген бұранда кескіші дөңгелек пішінді, диаметрі 10 миллиметр.

Пломбирленген бұранда кескішінің біреуінде келесі бедерді қалдырады (1-сурет):

№ 00-00 белгі арқылы инспектордың аумақтық және жеке тиесілілігі орнатылады.

Сол пломбиратордың екінші пломбирленген бұранда кескішінде Комитеттің аббревиатурасымен келесі бедер қалдырады (2-сурет).

Үлгі үшін:

"АЭКБК КАЭНК".

Екі пломбиратордың пломбирленген бұранда кескіші пломбада дөңес бедер қалдырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК